

"Мерке-Бурылбайтал" 7-273 км республикалық маңызы бар автомобиль жолын реконструкциялау" жобасы бойынша мемлекеттік кепілдік беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 4 тамыздағы № 469 қаулысы.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 215-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қытайдың экспорт-импорт банкіне Мемлекеттік кепілдік туралы келісімді жасасу күніне валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша 253245560 (екі жүз елу үш миллион екі жүз қырық бес мың бес жүз алпыс) АҚШ долларына дейін баламалы сомада "ҚазАвтоЖол" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының тартылатын қарыз бойынша міндеттемелерін қамтамасыз ету ретінде "Мерке – Бурылбайтал" 7-273 км республикалық маңызы бар автомобиль жолын реконструкциялау" жобасы бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігін берсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев